

Abstract. The indicators used in the analysis of production and financial activities of agricultural enterprises of Kazakhstan: land use, transport, as well as companies involved in the sale, due to the specifics of these industries. It is shown that the content analysis of the economic activity of agricultural enterprises, the use of land resources, motor transport, trading companies does not differ from the economic analysis in other companies, however, there are some features related to the nature of labor and relationships. The main indicators characterizing the level of specialization are analyzed: its coefficient, structure of marketable products, as well as additional data: structure of cultivated areas, gross production, livestock, labor costs. An assessment of the efficiency of land use was done: production costs, production of fodder units per 100 ha of agricultural products, profitability of farmland and individual indicators per 100 ha of agricultural products: yield, output per 1 ha of a specific product, etc. The parameters used in the analysis of the results of activity of transport companies are determined: traffic turnover, number of wagons, average volume of farm hours. It is noted that in the process of analysis, the dynamics of the indicators presented were studied, the plan was implemented according to their level, an inter-farm comparative survey was conducted.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, экономический анализ, урожайность, эффективность, специализация, земельный кадастр, грузоперевозки, товарооборот, торговые площади, издержки оборота.

Key words: agro-industrial complex, economic analysis, productivity, efficiency, specialization, land cadastre, freight transportation, commodity circulation, retail space, turnover costs.

Сонымен қоса қоғамдық өндірістің барлық салалары өзара тығыз байланысты және оларда ортақ нәрселер де бар, сондықтан салааралық талдау жасау қажеттілігін туындатады. Ол жалпы әдіснамалық ерекшеліктерді ашып көрсетеді және экономиканың әр түрлі салаларында талдаудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтайды.

Жердің экономикалық маңызы оның адамның өмір сүруінің қажетті шарты, еңбек үдерісінің заттық факторы, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірі-

Заманауи көлік өнеркәсіп коммуникациясынауи мықты желісін (әлеуметтік-экономикалық қатынаста) қосатын көлік жүйесін құрайды.

Осы міндеттерді шешуде үлкен ролді кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау алады. Демек бұл мақаладағы басты мақсат АӨК кәсіпорындарына экономикалық талдау жасау ұлттық экономиканың басқа салаларын экономикалық талдаудан ерекшеленбейтінін, алайда оны жүргізу әдістемесінде осы саланың өндірісіне байланысты өзіндік айырықша орны бар екенін ашып көрсету болып табылады.

Агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындары мемлекеттің нарыққа көшуіне орай жоғары деңгейдегі қаржы-шаруашылық нәтижелеріне қол жеткізіп отырғаны белгілі. Атап айтар болсақ: өнім өндірісі мен өткізу көлемі өсуде, өнімділік пен еңбек өнімділігі жоғарылап, саладағы инфрақұрылымдар жаңартылып, негізгі азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі артуда.

Мақаладағы алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін ғылым мен тәжірибеде қолданылатын монографиялық, экономикалық талдау, ғылыми және тәжірибелік материалдарды жүйелеу және синтездеу әдістері және басқа да жалпыға ортақ ғылыми әдістер пайдаланылды.

АӨК кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерін талдау ерекшеліктері мен әдістерін нақтылап, ашып көрсету ауыл шаруашылығы, жер ресурстарын пайдалану, автокөлік, сауда ұйымдарының өндірістік-шаруашылық жағдайын жақсартуға, олардың қызметінің жоғары нәтижелерге жетуіне ықпал етеді.

Зерттеудің ақпараттық және әдістемелік базалары ретінде шаруашылық қызметті талдау саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдамалары мен тәжірибелік ұсынымдары табылады. Зерттеу барысында экономикалық талдаудың түрлі тәсілдері, Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік актілері, мерзімдік басылымның мәліметтері, сондай-ақ Интернет желісінен алынған деректер зерттеліп салыстырылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ауыл шаруашылығы ерекшелігін есепке ала отырып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметін бағалау үшін көптеген ерекшеленетін көрсеткіштер (өнімділік), малдың өнімділігі, сүттің майлылығы және басқалар) қолданылады [1,2].

Ауыл шаруашылығында өнеркәсіпке қарағанда біркелкі табиғи-климат жағдайында өндірісті жүзеге асыратын кәсіпорындар көп. Сондықтан өнеркәсіп кәсіпорындарына қарағанда мұнда шаруашылықтық емес салыстырмалы талдау кеңінен қолданылады. Бұл шаруашылық қызмет нәтижелерін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мамандануын сипаттайтын негізгі көрсеткіш тауарлы өнімнің құрылымы болып табылады. Қосымша көрсеткіштер ретінде егіс ауданы құрылымын, жалпы өнім, мал басы, еңбек шығынын қолдануға болады.

Өнімді өткізудің жалпы көлеміндегі үлес салмағы бойынша 2-3 ірі саланы немесе дақылды бөліп көрсетеді. Өндірістің қосымша саласының негізділігін, олардың алдыңғы қатарлы салалармен мөлшерінің келісімділігін зерделейді. Қосымша салалар негізгі саланың жиі қызмет етуі үшін қажет (мысалы, тұқым шаруашылығында ара шаруашылығын дамыту үшін). Қосымша шаруашылықтар капиталдың айналымдылығын жылдамдатады, жер ресурстары мен негізгі құралдардың пайдалану тиімділігін

жоғарылатады. Мамандандырылмаған шаруашылықтарда өндірістің әмбебаптылығын байқауға болады: бір уақытта өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіріп, сатуға болады және мұнда қайсысы басым екенін анықтау қиын.

Өндірістің мамандану деңгейін анықтау үшін мамандану коэффициентін есептейді (K_m) [3]:

$$K_m = 100 / \sum Y_{c_n} * (2H - 1), \quad (1)$$

мұнда Y_{c_n} - тауарлық өнімнің қандай да бір түрінің оның жалпы көлеміндегі үлес салмағы; n -ранжирленген қатардағы өнімнің үлес салмағы бойынша жеке түрінің кезектік нөмірі.

Мамандану коэффициенті мәні 0 мен 1 аралығында өзгеріп отырады. Егер оның деңгейі 0,2-ден төмен болса, онда әлсіз мамандандығын, 0,2 мен 0,6 аралығында болса - орташа, 0,6-дан жоғары болған жағдайда терең мамандандығын білдіреді.

Маманданудың экономикалық тиімділігін бағалау үшін мамандану мен өндіріс тиімділігі көрсеткіштерін қатар салыстыру қажет. Талдау нәтижесі бойынша өндірістің нақты жағдайын есепке ала отырып, ішкі шаруашылық мамандануды жетілдіруге бағытталған шаралар жасалады.

Шаруашылық қызметтің нәтижелеріне өндірісті интенсивтендіру деңгейі үлкен әсер етеді. Интенсивтендіру деңгейін жан-жақты зерделеу мақсатында көрсеткіштердің үш тобын қарастырады. Бірінші топқа интенсивтендіру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер жатады: негізгі және айналым қаражаттар сомасы, 100 га ауыл шаруашылығы дақылдары шығындар сомасы, қосымша 1га тыңайтқыш шығыны, энергоқамтамасыз етілуі, шаруашылықтың техникамен қамтамасыз етілуі, мелиорацияға инвестиция мөлшері және т.б.

Екінші топ көрсеткіштерін интенсивтендіру нәтижесін сипаттайтын көрсеткіштер құрайды: жалпы, тауарлы өнім шығымы, 100 га ауыл шаруашылығы дақылдарына келетін таза пайда, дақылдардың өнімділігі, малдың көбеюі.

Көрсеткіштердің үшінші тобы қосымша салымды олардың нәтижесімен салыстыру негізінде анықталған интенсивтендіру тиімділігі сипаттайды: жиынтық салымның 1 теңгесіне өндіріс және сатылған өнім көлемі, өндіріс рентабельділігі, еңбек өнімділігі, қор қайтарымдылығы, тыңайтқыш ақталымдылығы және т.б.

Жер ресурстарының пайдаланылуын талдау жерді есепке алу бойынша құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Оларға мыналар жатады [4,5]:



♦ «Мемлекеттік жер кадастры». Ол жердің құқықтық тәртібі туралы қажетті деректер мен құжаттар жүйесін, олардың меншік иелерінен бөлінуі, сонымен бірге жер өнімдері сапалық сипаттамалары мен құндылықтары туралы жүйені құрайды. Мемлекеттік жер кадастрі деректері кәсіпорынның шаруашылық қызметін жоспарлау кезінде және талдауда міндетті түрде қолданылады;

♦ «Жерді пайдалану құқығына мемлекеттік акт», онда ауданы мен сыртқы шекара жоспары көрсетіледі;

♦ Жер-кадастрлік кітап, онда шабындықты пайдалану, тыңайтқыштарды, себу мерзімі, агротехникалық шараларды орындау, алынған астық кірістілігін есепке алу жүргізіледі;

♦ Жердің біртұтас мемлекеттік реестрі;

♦ Жер-кадастрлік картасы;

♦ Шаруашылықтың бизнес-жоспары, онда жер қорын жақсарту бойынша жоспарланған шаралар көрсетіледі.

Талдау объектілері тұтас ауыл шаруашылығы өнімдері және түрлерінің мөлшері (жайылым, шабындық және т.б.); ауыл шаруашылығы өнімдері құрылымы; жер қорын пайдалану тиімділігі.

Талдау үдерісінде шаруашылықтың жерді пайдалануында болып жатқан өзгерістердің себептерін терең зерделеу және резервтерді іздеу, ауданды кеңейту мен ауыл шаруашылығы өнімдерін жақсарту мақсатында жерді пайдалануды жақсарту бойынша шаралар жоспарының орындалуына талдау жасау қажет. Жерді жақсарту мүмкіндігі мамандардың қатысуымен сол жерде анықталады, онда түпкілікті және үстіртін сипаттағы мәдени-техникалық жұмыстар жүргізілетін аудан анықталады.

Жер қорын пайдалануды талдау кезінде жер өнімдері мөлшеріндегі өзгерістерді зерделеп, егістік ауданын, шаруашылықтағы жақсартылған шабындық және жайылымдарды кеңейту мүмкіндіктерін анықтау қажет.

Талдау үдерісінде ағымдағы жылдағы өнімдердің мөлшері туралы нақты мәліметтерді жоспарлы, өткен жылдар мәліметтерімен салыстыру керек. Бұл жалпы жер қоры, ауыл шаруашылығы жері және өнім түрлері мөлшерінде өзгерістерді анықтауға көмектеседі.

Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалау үшін жиынтық, жеке және көмекші көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Жиынтық көрсеткіштерге жатады: өндірілген өнім құны; 100 га ауыл шаруашылығы өнімдеріне келетін азықтық бірлік-

тер шығымы; 100 га ауыл шаруашылығы өнімдеріне келетін пайда мөлшері.

Жеке көрсеткіштер болып табылады: дақылдардың табыстылығы; 1 га жеке өнімнен азықтық бірлігінде шығатын өнім; 100 га салыстырмалы ауыл шаруашылығы өніміне сүт, ет өндірісі көлемі. Салыстырмалы ауданды өнімнің әрбір түрінің ауданын топырақ балына көбейтіп, алынған нәтижені 100-ге бөлумен анықтайды.

Жерді пайдалану тиімділігін анықтаушы көмекші көрсеткіштерге өнімнің өзіндік құны, қор қайтарымдылығы, қор сыйымдылығы, еңбек сыйымдылығы, сонымен бірге шығындар ақталымдылығы жатады. Шығын ақталымдылығы 1 гектардан алынған өнімнің құнын 1 гектарға орташа шығын мөлшеріне бөлумен есептейді.

Талдау үдерісінде аталған көрсеткіштер динамикасы, олардың деңгейі бойынша жоспардың орындалуы зерделенеді, шаруашылықаралық салыстырмалы талдау жүргізіледі. Содан кейін жер ресурстарын пайдалану тиімділігі факторлары мен резервтері анықталады [6].

Шаруашылықтың кез келген саласының, оның ішінде көлік компаниялары қызметін талдау басқару жүйесінде ұйымның қызмет етуі тиімділігін жоғарылату мақсатындағы маңызды элемент, ішкі шаруашылық резервтерін анықтаудың әрекеттегі құралы, ғылыми негізделген жоспарларды-болжамдарды және басқару шешімдерін жасаудың, сонымен бірге олардың орындалуы үшін бақылаудың негізі болып табылады.

Көліктің жұмысын бағалау үшін бірқатар көрсеткіштер қолданылады: жүк, жолаушылар тасымалдау көлемі; жүк айналымы, жолаушылар айналымы.

Жүкті тасымалдау – мемлекеттің көлік құралдарында жеткізілетін жүк көлемі (келу мезетімен анықталады). Өлшем бірлігі – тасымалданатын жүк тоннасы. Жолаушыларды тасымалдау барлық көлік түрлерімен жіберілетін жолаушылар санын білдіреді. Жүк айналымы километрдегі тасымал арақашықтығына тоннамен әрбір партия (жіберілуі) массасының көбейтіндісі сомасы ретінде анықталады. Жүк айналымы өлшем бірлігі – тасымалданған жүктің тонна-километр. Жолаушылар айналымы оларды жеткізген арақашықтықты есепке ала отырып, жолаушыларды тасымалдау бойынша орындалған жұмыс көлемін білдіреді. Бұл көрсеткіш жолаушы-километрмен өлшенеді.

Көліктің пайдаланылу тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер жылдамдық, өткізу қабілеті, маневрлік, сенімділік, күнде-



ліктілік, қозғалыс қауіпсіздігі, өзіндік құн және т.б. болып табылады.

Шаруашылық қызметке талдау жүргізген кезде көлік компаниялары қызметінің салалық ерекшеліктерін есепке алу қажет, яғни көліктің экономика саласы ретіндегі ерекшелігі – компания өзі өнім өндірмей, тек оны жасауға қатысатындығында:

- көлік едәуір географиялық жағдайларға тәуелді, әсіресе өндіріс пен тұтынушы арасында географиялық алшақтықты толықтыру құралы бола отырып топографиялық ерекшеленеді;

- көлік желісін қалыптастыру бірқатар әлеуметтік-экономикалық факторлармен шарттасады: шаруашылық дамуының, қала тұрғындарының орналасуы, негізгі көліктік-экономикалық байланыстардың бағыты мен күштілігі, ірі курорттық және саяхат объектілерінің орналасуы;

- еңбектің негізгі белсенді құралы көлік құралдары болып табылады; өндіріс қор

сыйымдылығымен сипатталады.

Көлік компаниясы негізгі экономикалық көрсеткіштері өнеркәсіп компанияларына қарағанда өзгешелеу болады. Жалпы көрсеткіштермен бірге тасымалдың жалпы көлемі (мың тонна), жалпы жүк айналымы (мың т/км), жалпы жүруі (мың км), істелінген автосағаттар саны, шаруашылықтағы автосағаттың орташа тізімдік саны, істелінген адам-сағаттар саны және басқалар.

Бұл аталған көрсеткіштер мүмкіндігінше көлік компаниясы мамандануына байланысты нақтыланады және толықтырылады [7].

Сауда кәсіпорындарының қызметіне кешенді экономикалық талдау қойылған мақсатқа сәйкес әр түрлі көрсеткіштерді қолдануды қамтиды. Басқа да салалардың қызметіне талдау жасағанда қолданылатын көрсеткіштермен бірге өзіне тән көрсеткіштер есептеледі. 1-ші кестеде жиі қолданылатын көрсеткіштер келтірілген (кесте).

Кесте – Сауда кәсіпорындары қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштер топтары	Көрсеткіштер	Есептеу формуласы
1. Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі	Қор қайтарымдылығы (теңге)	Бөлшек сауда тауар айналымы / негізгі құралдардың орташа жылдық құны
	Қор қайтарымдылығы (теңге)	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны / бөлшек сауда тауар айналымы
	Қор рентабельділігі (теңге)	Пайда / негізгі құралдардың орташа жылдық құны
	Қор қарулануы (мың теңге)	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны / жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
	1 м ² жалпы (сауда) ауданына тауар айналымы (мың теңге)	Бөлшек сауда тауар айналымы / жалпы (сауда) ауданы
	1 м ² жалпы (сауда) ауданына пайда (мың теңге)	Пайда / жалпы (сауда) ауданы
2. Айналым қаражаттарының пайдалану тиімділігі	Айналым қаражаттарының айналымдылығы (күндер)	Айналым қаражаттарының орташа жылдық мөлшері/ сатып алу бағасы бойынша бір күндік тауар айналымы
3. Еңбек ресурстарының пайдалану тиімділігі	Еңбек өнімділігі (мың теңге)	Бөлшек сауда тауар айналымы / жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
	Еңбекақы шығындарының 1 теңгесіне тауар айналымы (теңге)	Бөлшек сауда тауар айналымы / еңбекақы шығындары
	1 жұмыскерге пайда (мың теңге)	Пайда / жұмыскерлердің орташа тізімдік саны
	Еңбекақы шығындарының 1 теңгесіне пайда (теңге)	Пайда / еңбекақы шығындары
	Еңбек сыйымдылығы коэффициенті	Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны / Бөлшек сауда тауар айналымы
4. Ағымдағы шығындар тиімділігі	Айналыс шығындары деңгейі (%)	(Айналыс шығындары сомасы / Бөлшек сауда тауар айналымы) × 100%
	Шығынқайтарымдылығы (ағымдағы шығындардың 1 теңгесіне тауар айналымы) теңге	Бөлшек сауда тауар айналымы / айналыс шығындары сомасы
	Ағымдағы шығындар рентабельділігі (%)	(Пайда/ айналыс шығындары сомасы) × 100%
Ескерту – әдебиеттер негізінде құрастырылған.		



Кестеде көрсетілген көрсеткіштерден басқа сауда кәсіпорнының шаруашылық қызметінің тиімділігін жиынтық бағалау үшін келесі кешенді көрсеткіштерді қолдануға болады.

1. Кәсіпорынның саудалық әлуетінің пайдалану тиімділігі көрсеткіші

$$T_{\text{скә}} = \text{БСТА} / [\text{ЕАҚ} + (\text{АҚ} + \text{НҚ}) K_{\text{келт}}], \quad (2)$$

мұнда: $T_{\text{скә}}$ – кәсіпорынның саудалық әлуетінің пайдалану тиімділігі көрсеткіші;

БСТА – бөлшек сауда тауар айналымы;

ЕАҚ – еңбекақыға қаражаттар;

АҚ – айналым қаражаттарының орташа жылдық құны;

НҚ – негізгі құралдардың орташа жылдық құны;

$K_{\text{келт}}$ – нормативтік коэффициент, 0,12-ге тең.

Қарастырылып отырған көрсеткіш кәсіпорынның экономикалық әлуетінің пайдалану тиімділігін бағалауға және қолда бар ресурстарды қызметтің негізгі соңғы нәтижесі бөлшек сауда тауар айналымымен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштің мәні жоғарылаған сайын кәсіпорынмен оның негізгі функциясы – халықты тауарлармен және қызметтер қажеттіліктерімен қамтамасыз ету жақсы орындалады да, кәсіпорынның ресурстары тиімдірек пайдаланылады [8,9].

2. Қаржылық қызметтің тиімділік көрсеткіші

$$T_{\text{ққ}} = \text{ЖП} / [\text{ЕАҚ} + (\text{АҚ} + \text{НҚ}) K_{\text{келт}}], \quad (3)$$

мұнда: $T_{\text{ққ}}$ – қаржылық қызметтің тиімділік көрсеткіші;

ЖП – жалпы пайда сомасы.

Бұл көрсеткіш көмегімен қандай ресурстармен сауда кәсіпорны қызметінің негізгі қаржылық нәтижесіне қол жеткізгенін және қаншалықты бұл ресурстар тиімді пайдаланылатынын бағалауға болады.

3. Еңбек қызметін бағалау көрсеткіші

$$T_{\text{ек}} = \text{БСТА} / \text{ЖОТС} / \text{ОЕА}, \quad (4)$$

мұнда: $T_{\text{ек}}$ – еңбек қызметін бағалау көрсеткіші;

ЖОТС – жұмыскерлердің орташа тізімдік саны;

ОЕА – бір жұмыскердің орташа еңбек ақысы.

Бұл көрсеткіш орташа еңбекақының 1 теңгесіне еңбек өнімділігінің өсімшесін сипаттайды.

4. Сауда кәсіпорны дамуының интенсивтілігінің өсу қарқыны көрсеткіші

$$T_{\text{инт}} = (T_{\text{еө}} \times T_{\text{аақ}} \times T_{\text{ққ}}) / (T_{\text{еақ}} \times T_{\text{ақ}} \times T_{\text{нқ}}) \times 100\%, \quad (5)$$

мұнда: $T_{\text{инт}}$ – кәсіпорын дамуының интенсивтілігінің өсу қарқыны, %;

$T_{\text{еө}}$ – жұмыскерлердің еңбек өнімділігі өзгерісінің қарқыны, %;

$T_{\text{аақ}}$ – айналымдағы кәсіпорынның айналым қаражаттарының айналу жылдамдығының өзгеруі, %;

$T_{\text{ққ}}$ – қор қайтарымдылығының өзгеру қарқыны, %;

$T_{\text{фзп}}$ – еңбекақы шығындарының өзгеру қарқыны, %;

$T_{\text{ос}}$ – айналым қаражаттарының орташа жылдық құнының өзгеру қарқыны, %;

$T_{\text{нқ}}$ – негізгі құралдардың орташа жылдық құнының өзгеру қарқыны, %.

Тұжырымдар.

1. Ғылыми мақалада АӨК кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жүргізу ерекшеліктері көрсетілді.

2. Ауыл шаруашылығы саласында интенсивтендіру деңгейін жан-жақты зерделеу мақсатында көрсеткіштердің үш тобы бөліп қарастырылып, келтірілді.

3. Жер ресурстарының пайдаланылуын талдау жерді есепке алу бойынша құжаттар негізінде жүзеге асырылатыны көрсетіліп, жер ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалау үшін жиынтық, жеке және көмекші көрсеткіштер жүйесі қолданылатыны ұсынылды.

4. Көліктің экономика саласы ретіндегі ерекшелігі – компания өзі өнім өндірмей, тек оны жасауға қатысатындығында екені зерделеніп, жалпы көрсеткіштермен бірге тасымалдың жалпы көлемі (мың тонна), жалпы жүк айналымы (мың т/км), жалпы жүруі (мың км), істелінген автосағаттар саны, шаруашылықтағы автосағаттың орташа тізімдік саны, істелінген адам-сағаттар саны және басқа да көрсеткіштер талдау кезінде қолданылатыны айқындалды.

5. Шаруашылықтардың басқа салаларында қолданылатын көрсеткіштермен қатар сауда ұйымдарының өзіндік көрсеткіштері: саудалық әлуетінің пайдалану тиімділігі көрсеткіші, қаржылық қызметтің тиімділік көрсеткіші, еңбек қызметін бағалау көрсеткіші және т.б. көрсетілді.

Қорытындылай келе экономиканың нақты салаларының шаруашылық қызметіне экономикалық талдау жалпы шаруашылық қызметке талдаудан ерекшеленбейді, бірақ әр кәсіпорынның өзіндік салалық қызметіне байланысты әсер етуші факторлары, көрсеткіштері бар екеніне назар аударған дұрыс.

Әдебиеттер тізімі

1 Маркарян, Э.А. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности: учеб. для вузов / Э.А. Маркарян, Г.П. Герасименко, С.Э. Маркарян.- Москва: КНОРУС, 2015. - 225 с.

2 Анализ хозяйственной деятельности предприятия: учеб. для вузов / Г.В. Савицкая. - 6-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2017. - 378 с.

3 Маркарян, Э.А. Экономический анализ хозяйственной деятельности: учеб.-метод. пособие / Э.А. Маркарян, Г.П. Герасименко, С.Э. Маркарян. - М.: КноРус, 2017. - 536 с.

4 Қазақстан Республикасының Жер Кодексі (2003). ҚР 2003 жылғы 20 мау-сымдағы №442-II Кодексі (10.01.2020 ж. жағдайына өзгертулермен және толықты-рулармен). [Электрондық ресурс] URL: http://www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=1040583#pos=5;-180 (қаралған күні: 01.02.2020).

5 Андыбаева, Г.Т. Экономикалық талдау: оқулық / Г.Т. Андыбаева, А.К. Канабекова, А.К. Абитова.-Алматы: Экономика баспасы, 2016.-220 б.

6 Кундиус, В.А. Управленческий анализ деятельности предприятий агропромышленного комплекса: учеб.-метод.пособие / В.А. Кундиус.-М.: КноРус, 2017. - 176 с.

7 Мишулина, О.В. Управленческий анализ хозяйственной деятельности малого предприятий АПК / О.В. Мишулина, Н.С. Горелова // Проблемы агрорынка. - 2019.-№2. - С. 41-48.

8 Ушакова, Т.В. Экономический анализ в отраслях народного хозяйства: конспект лекций / Т.В.Ушакова, Г.Р. Файзрахманова, Д.Г. Янковская.- Казань: Казанский ун-т, 2015.- 73с.

9 Шолпанбаева, К.Ж. Финансовый анализ деятельности предприятий АПК на примере КХ «Караоткель» Восточно-Казахстанской области / К.Ж. Шолпанбаева, А.А. Алышева, Л.И. Белоусова / Проблемы агрорынка. - 2019.- №3. - С. 106-112.

References

1 Markaryan, E.A. Analysis and diagnosis of financial and business activity: textbook / E.A. Markaryan, G.P. Gerasimenko, S.E. Markaryan.- Moscow: KNORUS, 2015.- 225 p.

2 Savitskaya, G.V. Analysis of business activity of the enterprise: textbook / G.V. Savitskaya.- 6th ed., rev. and add. - M.: INFRA-M, 2017.-378 p.

3 Markaryan, E.A. Economic analysis of business activity: textbook / E.A. Markaryan, G.P. Gerasimenko, S.E. Markaryan. - M.: KNORUS, 2017.- 536 p.

4 Land Code of the Republic of Kazakhstan (2003). Code of the Republic of Kazakhstan dated June 20, 2003 No. 442-II (with amendments and additions as of 10.01.2020). [Electronic resource] URL: http://www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=1040583#pos=5;-180 (date of access: 01.02.2020).

5 Andybayeva, G.T. Economic Analysis: textbook / G.T. Andybayeva, A.K. Kanabekova, A.K. Abitova.- Almaty: Publishing House of Economics, 2016.- 220 p.

6 Kundius, V.A. Administrative analysis of the activities of enterprises in the agricultural sector: textbook / V.A. Kundius.- M.: KNORUS, 2017.- 176 p.

7 Mishulina, O.V. Management analysis of the economic activities of small enterprises of the agro-industrial complex / O.V. Mishulina, N.S. Gorelova // Problems of Agrimarket. -2019. - P. 41-48.

8 Ushakova, T.V. Economic analysis in the sectors of the economy: lecture notes / T.V. Ushakova, G.R. Fayzrahmanova, D.G. Yankovskaya.- Kazan: Kazan University, 2015. -73 p.

9 Sholpanbaeva, K.Zh. Financial analysis of the activities of agricultural enterprises on the example of farm “Karaotkel” of the East Kazakhstan region / K.Zh. Sholpanbaeva, A.A. Alysheva, L.I. Belousova // Problems of Agrimarket. -2019. - P. 106-112.